

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2021 жылғы 6 қыркүйек

2021 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Қазақстанның банк секторының жай-күйі туралы

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жүргізген талдау негізінде банк секторының жиынтық активтері 2021 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша шілде айында 0,1%-ға немесе **30,3 млрд теңгеге ұлғайып**, негізінен банктік қарыздардың 1,8%-ға (295,4 млрд теңге) және басқа банктерде орналастырылған салымдардың 6,6%-ға (286,2 млрд теңге) өсуі есебінен **34,8 трлн теңгені** құрады.

Екінші деңгейдегі банктердің шамамен **12,4 трлн теңгені** немесе активтердің 35,8%-ын құрайтын **жоғары өтімді активтерінің елеулі қоры** бар. Өтімділік қоры банктерге өз міндеттемелеріне **толық көлемде** қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Банк секторы міндеттемелерінің құрылымы негізінен банктердің жиынтық міндеттемелерінің 80,2%-ын немесе **24,5 трлн теңгені** құрайтын депозиттік портфельмен ұсынылған. Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар және басқа банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар сияқты өзге де міндеттемелердің үлесі тиісінше 5,2%-ды және 1,9%-ды құрады.

01.08.2021ж. жағдай бойынша банк секторының **жеткілікті капитал қоры** бар: негізгі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті – **20,2%**, меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті – **25%**, бұл жүйе бойынша орташа алғанда белгіленген ең төменгі талаптардан **айтарлықтай асып түседі**.

Ағымдағы жылғы 7 айдың қорытындысы бойынша банктер өткен жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішімен салыстырғанда 80,5%-ға ұлғайып, **812,2 млрд теңге** мөлшерінде таза пайда алды (01.08.2020ж. жағдай бойынша – 449,9 млрд теңге). 01.08.2021ж. банк активтерінің рентабельділігі (ROA) 3,43%-ды (01.08.2020ж. – 3,56%), капитал рентабельділігі (ROE) – 27,58%-ды (01.08.2020ж. – 26,98%) құрады.

01.08.2021ж. жағдай бойынша банктердің кредиттеуінің жиынтық көлемі 2021 жылғы шілдеде 1,9%-ға ұлғайып, **16 трлн теңгені** құрады.

Экономикаға ұлттық валютадағы кредиттер көлемі 2021 жылғы шілдеде 2,3%-ға, ал жыл басынан бастап 8,4%-ға – 12,7 трлн теңгеден **14,1 трлн теңгеге** дейін ұлғайды. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға кредиттер іс жүзінде өзгерген жоқ, жеке тұлғаларға 3,7%-ға ұлғайды.

Салалық бөліністе банктердің экономикаға кредиттерінің неғұрлым елеулі сомасы өнеркәсіп, оның жалпы көлемдегі үлесі – 14,2%, сауда - 10,9%, құрылыс - 3,3% және көлік - 2,8% сияқты салаларға тиесілі.

Халыққа **ипотекалық кредит беру** көлемі 2021 жылғы шілдеде 4%-ға ұлғайды, 2021 жылдың басынан бастап 2, 37 трлн теңгеден **2,7 трлн теңгеге** дейін **14,5%**-ға ұлғайды. Азаматтардың тұтынушылық мақсаттарына арналған кредиттер 2021 жылғы маусымда 4%-ға, 2021 жылы – **4,39 трлн** теңгеден **5, 1 трлн теңгеге** дейін 18,2%-ға өсті.

90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттердің үлесі кредиттік портфельдің жалпы көлемінде **4,8%**-ды немесе 819,2 млрд теңгені құрап, 2021 жылғы маусымда 19,2 млрд теңгеге немесе 2,4%-ға ұлғайды. Жеке тұлғалардың портфелінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың деңгейі **4,4%**-ды, ШОБ-ты ескере отырып, заңды тұлғалардың портфелінде – **5,4%**-ды құрады.

Банктердің несие портфелінің жалпы көлеміндегі мерзімі өткен қарыздардың үлесі 7,5%-ды немесе **1, 2 трлн теңгені** құрады. Бұл ретте 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттерді провизиялармен жабу деңгейі **73,2%**-ды құрады.

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы **депозиттерінің** көлемі 2021 жылғы шілдеде 0,3%-ға және 2021 жылдың басынан бастап 14,1%-ға ұлғайып, **25, 2 трлн теңгені** құрады. Заңды тұлғалардың депозиттері 2021 жылғы маусыммен салыстырғанда 12,9 трлн теңгеге дейін 0,2%-ға ұлғайды (2021 жылдың басынан бастап 14,7%-ға ұлғайды), жеке тұлғалардың депозиттері **12,2 трлн теңгеге** дейін 0,4%-ға (2021 жылдың басынан бастап 13,5%-ға) ұлғайды.

Неғұрлым толық ақпаратты Агенттіктің: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/documents/details/207220?lang=ru> сайтынан алуға болады

**Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын
қорғау мәселелері бойынша call-орталыққа төмендегі нөмір
бойынша хабарласыңыз:**

+7 (727) 237 1000

**Жұмыс кестесі дүйсенбі-жұма күндері сағат 9.00-ден 17.00-ге
дейін**

Баспасөз қызметі

+7 (727) 237 1090, press@finreg.kz